

«ТҰРАН»
УНИВЕРСИТЕТІ»
МЕКЕМЕСІ



УЧРЕЖДЕНИЕ
«УНИВЕРСИТЕТ
«ТУРАН»


«Тұран» университетінің директоры
Алшанов Р.А.

« 10 » 2020 ж.



**«ТҰРАН» УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫ МЕН
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ
РЕЖИМДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ ОНЫ САҚТАУ
РЕГЛАМЕНТІ**

Көшірме	Код	Басылым	Әзірледі		Келісілді		
		РЕГ УТ 703- 20	Герасимова Н.С.,- ОӘЖТЖ жөніндегі проректордың көмекшісі		Бірінші проректор	Тазабеков К.А.	
	СБ, ХА және ЖООББ жөніндегі проректор				Тусупова Л.А.		
	АМД директоры				Тусупова С.А.		
			Сарсенбаев Е.С.,- ШарБ директоры		ҚҰЖБ бастығы	Кибираева Н.А.	
	ГЗФ деканы				Касымжанова А.А.		
	ЭФ деканы				Разакова Д.И.		
	Сб, ХСЖА бөлімінің жетекшісі				Кузнецова Г.Х.		
				Заң кеңесші	Сабердинова А.А.		


 TURAN UNIVERSITY	«Тұран» Университеті» Мекемесі	Күні: 10.08.2020 ж.	Басылым: бірінші
	«Тұран» университетінің білім алушылары мен қызметкерлеріне санитариялық-эпидемиологиялық режимді қамтамасыз ету және оны сақтау регламенті	РЕГ УТ 703–20	7 беттің 2-беті

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1 Осы регламент «Тұран» университетінің білім алушылары мен қызметкерлеріне санитарлық-эпидемиологиялық режимді қамтамасыз етуді және оны сақтауын айқындайды.
- 1.2 Регламент Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2020 жылғы 26 маусымдағы № 43 Қаулысының талаптарын ескере отырып, университет студенттері мен қызметкерлері үшін қауіпсіз ортаны қамтамасыз ету мақсатында әзірленді және Алматы қаласы бойынша карантин кезінде және карантиннен кейінгі кезеңде университеттің корпустарында, жатақханада және аумағында қажетті санитарлық-эпидемиологиялық режимді құруға арналған.
- 1.3 Осы Регламентті әзірлеу кезінде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:
- 1) Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің «Қазақстан Республикасы халқының арасында коронавирустық инфекциямен аурудың алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» 2020 жылғы 26 маусымдағы № 43 Қаулысы;
 - 2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы № 345 бұйрығымен бекітілген коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының оқу процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар;
 - 3) «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы №345 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 28 желтоқсандағы № 548 бұйрығы.
 - 4) «Тұран» университетінің ішкі еңбек тәртібі ережелері.
- 1.4 «Тұран» университетінің білім алушылары, ПОҚ, басқа да қызметкерлері осы Регламентті сақтауға және осы міндеттемені ағымдағы оқу жылында университетке алғаш келген кезде қол қоюмен растауға міндетті.

2 НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР

- 2.1 Осы Регламенттер келесі терминдер мен анықтамалар қолданылды:
- Антисептикалық сұйықтық – кең спекторлы микробқа қарсы әрекет ететін сұйықтық.
- Дезинфекция – бұл инфекциялық аурулардың қоздырғыштарын жоюға және сыртқы орта объектілерінде токсиндерді жоюға, олардың теріге, шырышты қабықтарға және жаралар бетіне түсуіне жол бермеу.
- Зарарсыздандыру құралы – қоршаған ортадағы жұкпалы аурулардың қоздырғыштарын жою үшін қолданылатын құрал.
- Қашықтан оқыту – бұл ақпараттық технологияны қолдана отырып, оқытушы мен студент қашықтықта өзара әрекеттесетін білім беру нысаны.
- Карантин – бұл инфекциялық аурудың жаппай таралуын болдырмауға бағытталған түрлі шаралар жиынтығы (негізінен шектеуші).
- Карантиннен кейінгі мерзім – шектеулі карантиндік шаралар біртіндеп жойылатын кезең.

 TURAN UNIVERSITY	«Тұран» Университеті» Мекемесі	Күні: 10.08.2020 ж.	Басылым: бірінші
	«Тұран» университетінің білім алушылары мен қызметкерлеріне санитариялық-эпидемиологиялық режимді қамтамасыз ету және оны сақтау регламенті	РЕГ УТ 703–20	7 беттің 3-беті

Санитайзер – қолды жуу қиын немесе мүмкін емес жерлерде қол гигиенасының қарапайым ережелерін сақтау үшін қолданылатын зарарсыздандырғыш сұйықтықтың түрі.

Санитарлық-гигиеналық талаптар – студенттер мен қызметкерлердің корпустарда және университет аумағында қауіпсіз болу критерийлерін белгілейтін талаптар.

Санитарлық-ағарту және түсіндіру жұмыстары – салауатты өмір салтын қалыптастыруға, аурулардың алдын алуға, денсаулықты сақтауға және нығайтуға бағытталған ағартушылық, үгіт-насихат және насихаттау шаралар жиынтығы.

Санитарлық-дезинфекциялық режим – қолды өңдеуге арналған санитайзерлерді орнату, бетін күніне кемінде екі рет өңдеу, дезинфекциялық құралдарды қолдана отырып ылғалды жинау, желдету, зарарсыздандыруды қамтитын шаралар кешені.


Санитарлық-эпидемиологиялық режим – университетте жұкпалы аурулардың таралуын болдырмауға және студенттердің, қызметкерлердің санитарлық-гигиеналық талаптарды бұлжытпай орындауына бағытталған шаралар кешені.

Тепловизор – адам денесінің температурасын автоматты, жылдам әрі дәл өлшеуге арналған құрылғы.

Қашықтан жұмыс – бұл жұмыс беруші мен қызметкер бір-бірінен қашықтықты сақтай отырып функционалдық міндеттерін орындайтын жұмыс түрі.

3 УНИВЕРСИТЕТТІҢ ОҚУ ҒИМАРАТТАРЫНДА, ЖАТАҚХАНАДА ЖӘНЕ АУМАҒЫНДА САНИТАРЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ РЕЖИМДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

- 3.1 Әр түрлі этиологиядағы вирустық инфекциялардың өршіп тұру кезеңінде алдын алу мақсатында университет корпустарында және аумағында дезинфекция (өңдеу) жүргізіледі.
- 3.2 Дезинфекция жүргізу үшін Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және қолдануға рұқсат етілген құралдар қолданылады.
- 3.3 Дезинфекциялық жұмыстарды қауіпсіз жүзеге асыру бойынша нұсқамадан өткен қызметкерлер университеттің ғимараттары мен аумағында дезинфекция жүргізеді.
- 3.4 Өңдеуді жеке қорғаныш құралдарын (қорғаныш халат, қолғап, эмбебап респиратор, резеңке етік) пайдалана отырып жүргізеді.
- 3.5 Лектік дәріс аудиторияларында (сыйымдылығы 40 адамнан астам) өңдеу әрбір 4 сағат сайын 15 минутқа бактерицидті шамды қосу және кейін желдету арқылы жүргізеді.
- 3.6 Аудиторияларды (сыйымдылығы 40 адамнан астам) өңдеу әрбір 4 сағат сайын 15 минутқа бактерицидті шамды қосу және кейін желдету арқылы жүргізеді.
- 3.7 Барлық оқу аудиторияларын, кабинеттерді желдету және ылғалды жинау әрбір 2 сағат сайын жүргізіледі, бұл ретте есік тұтқалары, үстелдер, парталар, терезе алды тақтайлары зарарсыздандыратын және жуу құралдарымен сүртіледі.
- 3.8 Пайдалануға рұқсат етілген дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, санитарлық тораптарды өңдеу әрбір 2 сағат сайын жүргізіледі.
- 3.9 Барлық корпустардағы және жатақханадағы санитариялық тораптар антисептигі бар санитайзерлермен/ дозаторлармен жабдықталған.
- 3.10 Дәліздерде, корпустардың рекреацияларында, жатақханада әрбір 100 м сайын антисептикалық құралдары бар санитайзерлер/дозаторлар орналастырылған.
- 3.11 Әрбір 3 сағат сайын дезинфекциялау және жуу құралдарын қолдана отырып, дәліздерді ылғалды жинау.
- 3.12 Әрбір 3 сағат сайын дезинфекциялау және жуу құралдарын қолдана отырып, жатақхана дәліздерін, бөлмелерін ылғалды жинау.

 TURAN UNIVERSITY	«Тұран» Университеті» Мекемесі	Күні: 10.08.2020 ж.	Басылым: бірінші
	«Тұран» университетінің білім алушылары мен қызметкерлеріне санитариялық-эпидемиологиялық режимді қамтамасыз ету және оны сақтау регламенті	РЕГ УТ 703–20	7 беттің 4-беті


- 3.13 Университет, жатақхана аумағында дезинфекциялау құралдарымен өңдеу жүргізу үшін өңдеу туралы алдын ала хабардар етіп, қажеттілігі туындаған жағдайда таңертең немесе кешке жүргізіледі.
- 3.14 Жатақханада бөлмелерге орналастыру тұрғындар мен бөлмелер толымдылығы арасында 50% дейінгі әлеуметтік арақашықтықты сақтай отырып жүзеге асырылады.
- 3.15 Кварц шамдарын пайдалану ережелерді қатаң сақтай отырып, үй-жайларды міндетті түрде желдетумен адамдар болмаған жағдайда жүзеге асырылады.

4 УНИВЕРСИТЕТ ПЕН ЖАТАҚХАНАҒА КІРЕБЕРІСТЕ БАҚЫЛАУ

- 4.1 Университет, жатақхананың барлық кіреберістері контактісіз тепловизорлармен жабдықталған.
- 4.2 Университетке кіреберісте күзетшілер контактісіз тепловизор арқылы кірген адамдардың температурасын өлшейді. Жоғары дене температурасы (37° жоғары) болған жағдайда білім алушы, қызметкер немесе қонақ университетке жіберілмейді, оларға медициналық мекемеге жүгіну ұсынылады.
- 4.3 Жатақханаға кіреберісте вахтер контактісіз тепловизор арқылы келген адамдардың температурасын өлшейді. Жоғары дене температурасы (37° жоғары) болған жағдайда білім алушы, қызметкер немесе қонақ жатақханаға кірмейді, оларға медициналық мекемеге жүгіну ұсынылады.
- 4.4 Корпус ішінде қосымша өткізу режимін көздейтін бақылау жүйесі енгізілуде.

5 УНИВЕРСИТЕТ КОРПУСТАРЫНДА, ЖАТАҚХАНАДА ЖӘНЕ АУМАҒЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ САНИТАРЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ РЕЖИМДІ САҚТАУЫ

- 5.1 Университеттің білім алушылары санитарлық-эпидемиологиялық режимді сақтау мақсатында өз қауіпсіздігі мен басқа адамдардың қауіпсіздігі үшін мынадай шараларды сақтауға міндетті:
- 5.1.1 Университет корпустарында, жатақханада маска режимін сақтауға және жеке пайдалануға арналған тері антисептикалық құралдарын өзімен бірге алып жүруге.
- 5.1.2 Университет пен жатақханаға кіреберісте температураны өлшеуге қарсылық көрсетпеуге.
- 5.1.3 Тамақтану пункттеріне барған кезде санитарлық торапқа барған сайын қолды жууға немесе антисептикалық заттармен өңдеуге.
- 5.1.4 ЖРВИ немесе өзге де вирустық инфекция белгілері болған жағдайда университетке бармаңыз. Тұрғылықты жері бойынша медициналық мекемеге жүгіну қажет. Бұл ретте білім алушы эдвайзерге өзінің жағдайы туралы хабарлауға міндетті. Сауыққаннан кейін білім алушы медициналық анықтама беруге міндетті.
- 5.1.5 Университетте болған кезде температура немесе әлсіздену белгілері пайда болған кезде білім алушы медициналық пунктке кенес алу үшін жүгіне алады. Бұл ретте білім алушы эдвайзерге өзінің жағдайы туралы хабарлауға міндетті. Тұрғылықты жері бойынша емделуге жіберілген жағдайда, ол медициналық анықтама беруге міндетті.
- 5.1.6 Медициналық пункттердің жұмысын күшейтілген режимде қамтамасыз ету.


 TURAN UNIVERSITY	«Тұран» Университеті» Мекемесі	Күні: 10.08.2020 ж.	Басылым: бірінші
	«Тұран» университетінің білім алушылары мен қызметкерлеріне санитариялық-эпидемиологиялық режимді қамтамасыз ету және оны сақтау регламенті	РЕГ УТ 703–20	7 беттің 5-беті

6 УНИВЕРСИТЕТ КОРПУСТАРЫНДА ЖӘНЕ АУМАҒЫНДА ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫ (ПОҚ) МЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ САНИТАРЛЫҚ-ГИГИЕНАЛЫҚ ТАЛАПТАРДЫ САҚТАУЫ

- 6.1 Университет персоналы санитарлық-эпидемиологиялық режимді сақтау мақсатында өз қауіпсіздігі мен басқа адамдардың қауіпсіздігі үшін мынадай шараларды сақтауға міндетті:
- 6.1.1 Университет корпустарында маска режимін сақтауға және жеке пайдалануға арналған тері антисептикалық құралдарын өзімен бірге алып жүруге.
- 6.1.2 Университет пен жатақханаға кіреберісте температураны өлшеуге қарсылық көрсетпеуге.
- 6.1.3 Университетке барған кезде қолды жуып, антисептикалық заттармен өңдеуге.
- 6.1.4 ЖРВИ немесе өзге де вирустық инфекция белгілері болған кезде университетке бармауға және жұмыс уақытын есепке алу үшін тікелей басшыны және персоналды іріктеу бөлімінің қызметкерлерін алдын ала хабардар ете отырып, тұрғылықты жері бойынша медициналық мекемеге жүгінуге.
- 6.1.5 Университетте болған кезде температура немесе әлсіздену белгілері пайда болған кезде білім алушы медициналық пунктке кеңес алу үшін жүгіне алады. Бұл ретте жұмыс уақытын есепке алу үшін тікелей басшыны және персоналды іріктеу бөліміне өзінің жағдайы туралы хабарлауға міндетті.
- 6.1.6 Әкімшілік-басқару персоналы төтенше жағдай/ карантин жағдайларында немесе карантиннен кейінгі кезеңде қашықтан жұмыс форматына ауысу туралы жарияланған кезде өзінің функционалдық міндеттерін толық көлемде орындауға міндетті. Құрылымдық бөлімшелердің басшылары қызметкерлерге қойылған міндеттерді орындауын қамтамасыз етуге және мүмкіндігінше орындалатын жұмыстың есебін жүргізуге міндетті.
- 6.1.7 Университеттің барлық қызметкерлері қол қою арқылы осы Регламентпен танысуы тиіс.
- 6.1.8 Жаңа қызметкерлерді жұмысқа қабылдау кезінде персоналды іріктеу жөніндегі бөлім міндетті түрде жаңа қызметкерді осы Регламентпен таныстыруы және одан әрі олардың орындалуын талап етуі қажет.

7 ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР


- 7.1 Төтенше жағдай/ карантин жағдайында немесе карантиннен кейінгі кезеңде мынадай талаптарды орындау және сақтау қажет:
- 7.1.1 аудиторияларда сабақ өткізу кезінде әлеуметтік қашықтықты ескере отырып, 1 білім алушы 1 партаға отыру үшін 2 шаршы метрге 1 адам толымдылығын қамтамасыз ету қажет. Зертханалық жұмыстарды жүргізу кезінде әлеуметтік қашықтықты ескере отырып, 5 шаршы метрге 1 адам толымдылықты қамтамасыз ету.
- 7.1.2 Сабақ кестесін аудиторияны санитарлық өңдеу, соның ішінде ауаны зарарсыздандыру мен желдетуге қажет уақытты ескере отырып, сабақ кестесін өзгерту.
- 7.1.3 Сабақ кестесін қалыптастыру кезінде академиялық сағаттың ұзақтығы – 40 минут екенін ескеру керек. Қоңырау кестесі «шахмат тәртібімен» құрастырылады.
- 7.1.4 Сыныптарда санитарлық өңдеу жүргізу үшін сабақтар арасында кем дегенде 20 минут үзіліс есепке алынсын.

 TURAN UNIVERSITY	«Тұран» Университеті» Мекемесі	Күні: 10.08.2020 ж.	Басылым: бірінші
	«Тұран» университетінің білім алушылары мен қызметкерлеріне санитариялық-эпидемиологиялық режимді қамтамасыз ету және оны сақтау регламенті	РЕГ УТ 703–20	7 беттің 6-беті

- 7.1.5 Спортзалда сабақтар өткізу кезінде 1 шаршы метрге 1 адам әлеуметтік ара қашықтығын ескере отырып, білім алушылардың болуын қамтамасыз етсін, бұл ретте бір мезгілде залдың толық толымдылығының 40%-ынан аспауы тиіс.
- 7.1.6 Әр аудиторияда және дәліздерде қашықтықты сақтау үшін еденге арнайы белгілер қойылу қажет.

8 ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ/КАРАНТИН НЕМЕСЕ КАРАНТИННЕН КЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕ УНИВЕРСИТЕТ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ

- 8.1 Төтенше жағдай/ карантин жағдайында немесе карантиннен кейінгі кезеңде мынадай талаптарды орындау және сақтау қажет:
- 8.1.1 Құрылымдық бөлімшелердің басшылары 3-4 сағат сайын санитариялық өңдеу (ылғалды жинау, желдету және қажет болған жағдайда ауаны зарарсыздандыру) жүргізу үшін жұмыс кестесінде 15-20 минуттан кем емес техникалық үзілістер болатынын ескеру қажет.
- 8.1.2 Қызметкерлер бір бөлмеде бір-бірінен 1 метрден астам қашықтықта болатын жағдайларды барынша персоналға қамтамасыз ету.
- 8.1.3 Акт/конференц залында іс-шараларды өткізу кезінде ұйымдастырушылар залдың алдын ала залалсыздандырылуын, оның желдетілуін және білім алушыларды, қызметкерлерді, іс-шара қонақтарын отырғызғанда кем дегенде 1 метр әлеуметтік қашықтықтың сақталуын қамтамасыз ету қажет.
- 8.1.4 Кітапхана басшысы оқу залдарын әрбір 4 сағат сайын зарарсыздандыруды, 3 сағат сайын желдетуді және әлеуметтік арақашықтық (олардың арасында кемінде 1 метр) сақтала отырып, үстелдер орналастыруды және әрбір үстелге 1 адамнан отырғызылуын қамтамасыз ету қажет.
- 8.1.5 IT және ақпараттық-кітапханалық ресурстар департаменті қажет болған жағдайда қашықтықтан оқытуға және персоналдың қашықтықтан жұмыс істеуге ауысуын ескере отырып серверлердің, корпоративтік желілердің үздіксіз жұмыс жасауын қамтамасыз етуі керек.
- 8.1.6 Медициналық-сауықтыру орталығы күшейтілген режимде тұрақты негізде білім алушылар мен персоналға инфографика (жадынамалар, нұсқаулықтар және т.б.) түрінде ақпараттық материал ұсына отырып, COVID-19 алдын-алу бойынша санитариялық-ағарту жұмыстарын жүргізісін.
- 8.1.7 Деканаттар білім алушылар арасында жеке гигиена ережелерін сақтау қажеттілігі туралы тұрақты нұсқау беруді қамтамасыз етсін және олардың мүлтіксіз сақталуын бақыласын.
- 8.1.8 Персоналды іріктеу бөлімі қызметкерлер арасында жеке гигиена ережелерін сақтау қажеттілігі туралы тұрақты нұсқау жүргізуді қамтамасыз етсін және олардың мүлтіксіз сақталуын бақыласын.
- 8.1.9 Шаруашылық басқармасы қажетті жеке қорғаныш құралдарымен өңдеуді жүзеге асыратын техникалық персоналды халат, қолғап, медициналық бетпердемен қамтамасыз етсін. Жинау мүкәммалын (шелектер, щеткалар, шүберектер) пайдаланғаннан кейін жақсы жуады және арнайы бөлінген орындарда сақтайды.
- 8.1.10 Шаруашылық басқармасы түшкіру және жөтелу кезінде пайдаланылған маскаларды, қолғаптарды, майлықтарды кәдеге жарату үшін арнайы орындарды қамтамасыз етсін.

 TURAN UNIVERSITY	«Тұран» Университеті» Мекемесі	Күні: 10.08.2020 ж.	Басылым: бірінші
	«Тұран» университетінің білім алушылары мен қызметкерлеріне санитариялық-эпидемиологиялық режимді қамтамасыз ету және оны сақтау регламенті	РЕГ УТ 703–20	7 беттің 7-беті

9 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Ережені өзектендіру қажеттілігіне қарай жүзеге асырылады.

- 11.2 Регламент ректордың бұйрығымен бекітіледі.
- 11.3 Осы Регламент бекітілген сәттен бастап күшіне енеді және жаңасына ауыстырылғанға дейін қолданылады.
- 11.4 Қажет болған жағдайда осы Регламентке өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

